



Профилактикалық кеңес туралы ереже

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Профилактикалық кеңес мектеп әкімшілігінің, педагогтердің, ата-аналардың немесе оларды алмастыратын тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін құқық бұзушылықтың алдын алу процесінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында біріктіреді.
- 1.2. Профилактикалық кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

2. Профилактикалық кеңестің құрылымы мен жұмысын ұйымдастыру

2.1. Мектептегі Профилактикалық кеңестің құрамы:

- а) Профилактикалық кеңестің төрағасы – мектеп директоры;
 - ә) Профилактикалық кеңестің хатшысы;
 - б) Профилактикалық кеңестің мүшелері: әкімшілік өкілдері, мұғалімдер, ата-аналар, жоғары сынып оқушылары.
- 2.2. Профилактикалық кеңестің жұмысына ішкі істер органдарының қызметкерлері, медицина қызметкерлері, жергілікті әкімшілік өкілдері (қонақ ретінде) қатыса алады.

2.3. Профилактикалық кеңестің жұмысын төраға – мектеп директоры басқарады.

2.4. Профилактикалық кеңестің отырыстары айына кемінде бір рет өткізіледі.

2.5. Кеңестің шешімдері дауыс беру арқылы (дауыс көпшілігімен) қабылданады.

2.6. Профилактикалық кеңестің отырыстарының барысы мен қабылданған шешімдері хаттамаланады.

2.7. Профилактикалық кеңестің сандық және аты-жөндік құрамы педагогикалық кеңесте бекітіледі және мектеп директорының бұйрығымен әр оқу жылына рәсімделеді.

3. Профилактикалық кеңестің қызметінің қағидаттары, мақсаттары мен міндеттері

3.1. Профилактикалық кеңестің қызметі мына қағидаттарға негізделеді:

- заңдылық, демократиялық және кәмелетке толмағандарға адамгершілікпен қарау;
- кәмелетке толмағандарға және олардың отбасыларына жеке тұрғыдан қарау;

- алынған ақпараттың құпиялылығын сақтау.
- 3.2. Профилактикалық кеңес – әлеуметтік қауіпті құбылыстардың (қадағалаусыздық, құқық бұзушылық, қоғамға қарсы әрекеттер) алдын алуды жоспарлау, ұйымдастыру және бақылауды жүзеге асыратын алқалы орган болып табылады.

3.3. Профилактикалық кеңестің негізгі міндеттері:

- кәмелетке толмағандардың қадағалаусыздығына, құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы әрекеттер жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою;
- кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
- әлеуметтік қауіпті жағдайда жүрген кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-педагогикалық оңалту;
- кәмелетке толмағандарды қылмыстық немесе қоғамға қарсы әрекеттерге тарту жағдайларын анықтау және жолын кесу;
- кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу.

4. Жеке профилактикалық жұмыс жүргізілетін тұлғалар санаты

4.1. Профилактикалық кеңес келесі санаттағы кәмелетке толмағандарға қатысты жеке профилактикалық іс-шаралар жүйесін ұйымдастырады және өткізеді: қараусыздар, қаңғыбастыққа бейімдер; психоактивті заттарды қолданатындар; қоғамға қарсы әрекеттер, құқық бұзушылықтар, қылмыстар жасағаны, мектеп Жарғысын бұзғаны үшін ішкі істер органдарында есепте тұрғандар.

4.2. Профилактикалық кеңес тәрбиелеу, оқыту немесе аталған санаттағы кәмелетке толмағандарды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін орындамаған, сондай-ақ олардың мінез-құлқына теріс әсер еткен немесе қатыгездік танытқан жағдайда ата-аналарға және оларды алмастыратын тұлғаларға қатысты жеке профилактикалық жұмыс жүргізеді.

5. Профилактикалық кеңестің жұмысының мазмұны мен нысандары

5.1. Профилактикалық кеңес талдамалық қызметті жүзеге асырады: оқушылардың тәрбиелілік деңгейін және құқық бұзушылықтарын зерттейді; мектептің профилактикалық қызметінің жай-күйін, өткізілетін іс-шаралардың тиімділігін талдайды; мінез-құлқында ауытқушылықтары бар балаларды анықтайды; оқушылардың қоғамға қарсы мінез-құлқының себептері мен уәждерін айқындайды.

5.2. Профилактикалық кеңес оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуды тікелей жүзеге асырады: қоғамға қарсы мінез-құлқы бар оқушылардың жеке істерін қарайды; оқушылармен жеке профилактикалық жұмыстың бағдарламасын (жоспарын) айқындайды және оны мектеп директорының бекітуіне ұсынады; қажет болған жағдайда оқушыны немесе оның ата-анасын мамандарға (психологқа, дефектологқа, медицина, әлеуметтік қызметкерге және т. б.) кеңес алуға жібереді;

мектепшілік есепке қоюды және одан шығаруды жүзеге асырады; түрлі есепте тұрған оқушыларды қосымша білім беру бірлестіктеріне (үйірмелер, секциялар), ұжымдық шығармашылық істерге, жазғы сауықтыру науқанына, еңбек бірлестіктеріне қатыстыруды қамтамасыз етеді; қолайсыз отбасыларымен профилактикалық жұмыс жүргізеді, сынып жетекшілерінің, жеке профилактикалық жұмысқа тартылған педагогтердің есептерін тыңдайды, оқушылармен жеке профилактикалық жұмыстың мерзімін айқындайды.

5.3. Профилактикалық кеңес ұйымдастырушылық қызметті жүзеге асырады: ата-аналарды балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындамаған жағдайда заңда белгіленген жауапкершілікке тарту туралы тиісті ұйымдар алдында мәселе қояды; жұмыс нәтижесі болмаған жағдайда мектеп директоры мен кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияны хабардар етеді, ҚР «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыздығы мен панасыздығының алдын алу туралы» Заңына сәйкес мамандарды тарта отырып жеке профилактикалық жұмыс жүргізу туралы шешім қабылдау бастамасын көтереді; оңалтылған оқушыларды есептен мерзімінен бұрын шығару туралы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға және ПО-ға өтініш білдіреді.

6. Профилактикалық кеңестің құқықтары мен міндеттері

6.1. Профилактикалық кеңес міндетті:

- ПО-мен өзара әрекеттесіп жұмыс істеу;
- оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда мектептің жұмыс тиімділігін арттыруға ықпал ету;
- «тәуекел тобына» жататын оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу;
- оқушылардың жеке істерін қарау кезінде олардың ата-аналарын немесе оларды алмастыратын тұлғаларды кеңес отырысына шақыру;
- мұғалімдер ұжымына және ата-аналарға ақпараттық-кеңес беру қызметін жүргізу;
- қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау;
- жылына бір рет педагогикалық кеңесте өз қызметінің нәтижелері туралы есеп беру.

6.2. Профилактикалық кеңес құқылы:

- мұғалімдерге, ата-аналарға жасөспірімдердің мінез-құлқын түзету және олармен профилактикалық жұмыс жүргізу мәселелері бойынша жеке және ұжымдық ұсынымдар беру;
- кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық проблемасының жай-күйі туралы ақпаратты ата-аналар жиналыстарына шығару;
- оқушыларға және олардың ата-аналарына немесе оларды алмастыратын тұлғаларға қатысты заңда белгіленген тәртіппен ықпал

ету шараларын қабылдау туралы қалалық/аудандық комиссияға өтініш білдіру.

7. Профилактикалық кеңестің құжаттамасы

- 7.1. Профилактикалық кеңес құру туралы мектеп бұйрығы.
- 7.2. Профилактикалық кеңестің отырыстарының хаттамалары, отырыс материалдары.
- 7.3. Мектепте, ПО-да түрлі есепте тұрған оқушылардың тізімдері. Жыл сайын тізімдер тексеріледі, салыстырылады, жаңартылады.
- 7.4. Профилактикалық кеңеске шығарылатын материалдар. Профилактикалық кеңестің хаттамаларын жүргізудің екі түрі ұсынылады:

- 1. хаттамалар дәптерде қолмен жазылады. Дәптер тігіледі, беттері нөмірленеді, мектеп директорымен расталады, мұқабада басталу күні көрсетіледі;
- 2. әр хаттама компьютерде теріліп, папкаға жиналады, оқу жылы соңында барлығы тігіліп, артқы бетіне мектеп директорының мөрі мен қолы қойылады.

8. Профилактикалық кеңестің жұмыс тәртібі

- 8.1. Профилактикалық кеңес айына бір рет жиналады (төтенше жағдайларды қоспағанда).
- 8.2. Кеңес отырыстары хаттамамен рәсімделеді, ұсынылған материалдар жүйеленіп, 5 жыл сақталады.

Ұсыныстар

Қарағанды облысы ІІД Әкімшілік полиция басқармасының ювеналды полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсынымдары.

Сот тәжірибесі көрсеткендей, кәмелетке толмағандардың аз бөлігі ғана (аса ауыр қылмыс жасағандар) бас бостандығынан айыру орындарына жіберіледі. Қалғандары шартты түрде немесе бостандығын шектеу түрінде сотталады, бірақ құқыққа қайшы әрекеттерін жалғастыра береді. ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес, 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар қылмыс құрамының болмауына байланысты қысқартылады, яғни ақтайтын негіздер бойынша.

Нәтижесінде жыл сайын қылмыс жасаған, бірақ қылмыстық жауапкершілік жасына толмаған көптеген балалар жасөспірімдер ортасында қалып, басқа кәмелетке толмағандарға теріс ықпал етеді. Сондықтан, құқық бұзушылық немесе қылмыс жасаған, бірақ қылмыстық жауапкершіліктен босатылған кәмелетке толмағандарға психологиялық әсер етудің бір әдісі – оларды оқу орнындағы Профилактикалық кеңесте қарау болып табылады.

Қажетті нәтижеге жету үшін, жасөспірім мен оның ата-анасының (қамқоршыларының) құқық бұзушылықты және оның салдарын толық түсінуі үшін Профилактикалық кеңестің отырыстарын келесідей өткізу ұсынылады:

- құқық бұзушыны ата-анасымен бірге қатыстыру;
- педагог-психологпен және педагогикалық ұжыммен келісу арқылы сыныптастарын, топтастарын және басқа оқушыларды қатыстыру;
- педагогикалық ұжым мен оқу орнының басшылығының қатысуы;
- ата-аналар комитеті, КДНиЗП (Кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия) өкілдерінің қатысуы;
- полиция қызметкерлерінің міндетті түрде қатысуы.

Отырыста мына мәселелер қаралуы тиіс:

- ауданның қылмыстық ахуалына қысқаша баға беру;
- жасалған құқық бұзушылық фактісін, заңнамаға сәйкес жауапкершілік шараларын хабарлау, процессуалдық шешім қабылданғанына қарамастан, бұл ақпарат полиция деректер базасында сақталатынын және болашақта ЖОО-ға түсуіне, жұмысқа орналасуына әсер ететінін түсіндіру;
- оқу орны өкілінің (сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог, педагог-психолог), ювеналды полиция инспекторының құқық бұзушыға қатысты сипаттаманы баяндауы;
- жасөспірімнің құқық бұзушылық фактісі жөнінде өзі баяндауы, оны жасауға итермелеген себептерді анықтау;
- ата-аналардың бұл фактіге және баланы тәрбиелеу шараларына қатысты пікірлерін тыңдау;
- сыныптастарының (топтастарының) көзқарасын, мұндай жағдайларға қатынасын, сыныптасын қайта тәрбиелеуге көмектесу мүмкіндігін білу;
- ата-аналар комитетінің, КДНиЗП өкілдерінің сөз сөйлеуі;
- Профилактикалық кеңестің шешіміне нақты, практикалық іс-шаралар енгізілуі тиіс (жасөспірімді есепке қою, ата-аналарды әкімшілік жауапкершілікке тарту, кәмелетке толмағанды КДНиЗП-да қарау, жасөспірімді арнайы мектепке жіберу, ата-аналық құқықтан айыру және т.б.).